

Жақсымай бекетіне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 201 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 30 маусымда N 3-10-77 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және мәтінінде "кент", "поселкелік", "көшелеріне" сөздері "ауылы", "ауылдық", "көшесіне" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімінің 22.02.2017 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімішілік– аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармақшасына сәйкес Шұбарқұдық ауылдық округі Әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімінің 22.02.2017 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жақсымай бекетінің халқының пікірін ескере отырып, "Астана қаласының 10-жылдығы" мерекесі қарсаңында, Жақсымай бекетінің көшесіне **"Теміржол"** атауы берілсін.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шұбарқұдық ауылдық округі Әкімі

Н.Қалауов